

демалыс режимін, қозғалыс белсенділігін және жалпы өмір салтын ұтымды етуге бағытталған тиімді жеке сауықтыру шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Балбатун, О.А. Методы диагностики и значение хронотипов человека/ О.А. Балбатун // Медицинские знания. – 2011. - No 1. – С. 24-26.
2. Барбараш, Н.А. Оцените свое здоровье сами / Н.А. Барбараш, В.И. Шапошникова. – СПб, 2003. – 256с.
3. Вайнер, Э.Н. Валеология / Э.Н. Вайнер. – М.: Флинта: Наука, 2010. – 232с.

#### **РЕЗЮМЕ**

Қайыржанов Р.М., Ирмуханов Б.Б., Қожақметова Д.Ә.

#### **Особенности состояния здоровья студентов в зависимости от хронотипа**

Патологиялық физиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: Ауезова Д.С.

Западно Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова

В вопросе здоровья важным фактором является учет индивидуальных особенностей человека. Особенности личности определяют не только predetermined внешние фенотипические признаки, но и повседневное поведение, образ жизни, профессиональный выбор, предрасположенность к различным предрасполагающим заболеваниям.

#### **RESUME**

Kaiyrzhanov R.M., Irmukhanov B.B., Kozhakmetova D.

#### **Features of the health status of students depending on the chronotype**

Department of Pathology and physiology

Auezova D.S.

West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov

In the matter of health, an important factor is taking into account individual characteristics of a person. Personality traits determine not only predetermined external phenotypic signs, but also everyday behavior, lifestyle, professional choice, predisposition to various predisposing diseases.

**УДК 616.12-057(574.13)**

Момышева.А.С., Алпысбай.Н.Е.

#### **АҚТӨБЕ ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИЛІГІ**

Патологиялық физиология кафедрасы

Ғылыми жетекші: Нурымова Г.К.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КеАҚ,  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

**Кілттік сөздер:** зиянды әдеттер, металдық феррохром, ретроспективті талдау, бейорганикалық шаң, клиникалық тексеру.

**Өзектілігі:** Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының деректері бойынша, соңғы ширек ғасырда 30-79 жас аралығындағы ересектер арасында артериялық гипертензияға шалдыққан науқастар саны 650 миллионнан 1,28 миллион адамға дейін өскен. Қазақстан Республикасында аурудың жалпы жүктемесінің едәуір бөлігі, жоғары қан қысымы (14,3%) маңызды қауіп-қатер факторлары ретінде теңгерімсіз тамақтанудан

кейін екінші орынды алады.[1] Жүрек-тамыр жүйесі ауруларының ішінде кең тараған негізгі буыны-артериялық гипертензия. Көптеген зерттеулер қоршаған орта мен өмір салты факторларының өзгеруі ЖҚА дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін көрсетті.[2].Оның ішінде өндірістік зиянды және қауіпті факторлардың әсері өте жоғары. Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы цехтардың технологиялық үрдістері бойынша негізгі зиянды факторлары:бейорганикалық шаң, хром және оның қосылыстары, шу, еңбектің ауырлығы мен қарқындылығы [3]. Бұл факторлардың кешенді әсері артериялық гипертензияның дамуына ықпал етеді.

**Зерттеу мақсаты:** Ақтөбе ферроқорытпа зауыты негізгі және қосалқы цехтар жұмысшылары арасындағы артериялық гипертензияның кездесу жиілігін анықтау.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** «Евразия» медициналық орталығында артериялық гипертензия бойынша есепте тұрған 150 науқастың амбулаторлық карталарына ретроспективті талдау жүргізілді.

**Нәтижелер:** «Евразия» медициналық орталығында тіркелгендер саны 2087 адам. Диспансерлік есепке алынғандар саны 338. Оның ішінде артериялық гипертензия 183 (54,1%), қант диабеті 70 (20,7%), жүректің ишемиялық ауруы 50 (14,7%). Артериялық гипертензиямен тіркеуде тұрған 183 науқастың 150-і Ақтөбе ферроқорытпа зауытында жұмыс жасайды. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде 118 (78,7%) жағдай ерлер арасында, 32 (21,3%) әйелдер арасында кездеседі, жас аралығы бойынша 18-44 жас - 7%, 45-59 жас - 79%, 60-74 жас - 14%.

Негізгі цехтардағы жұмысшылар арасындағы кездесу жиілігі 21(14%), қосалқы цехтардағы жұмысшылар арасындағы кездесу жиілігі 129 (86%) құрайды. Оның ішінде: жөндеу-механикалық цехы 32 (21,3%), автоцех 24 (16%), теміржол цехы 20 (13,3%). Соның ішінде ерлер арасындағы артериялық гипертензияның кездесу жиілігі жөндеу механикалық цехта 21%, автоцехта 19%, балқыту цехында 16%. Әйелдер арасында артериялық гипертензияның кездесу жиілігі сервистік қызмет көрсету цехында - 25%, жөндеу-механикалық цехта - 23%, қалдықтарды қайта өңдеу цехында - 16%.

**Қорытынды:** Ақтөбе ферроқорытпа зауытының негізгі және қосалқы цех жұмысшылары арасында артериялық гипертензияның таралуында өндірістік ортаның зиянды факторларының маңыздылығы жоғары.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ә.Т.Кинаятовна, М.И.Тлеубаева, Г.И.Ешенкулова//Қазақстан Республикасындағы антигипертензивті дәрілік заттардың фармацевтикалық нарығын талдау//ӨОК.615.2.615.22
- 2.Чаулин А.М., Дупляков Д.В.Факторы окружающей среды и сердечно-сосудистые заболевания // Гигиена и санитария. 2021-С. 224-225.
3. Мамырбаев, А. А. Характеристика условий труда на Актюбинском заводе ферросплавов // Гигиена труда и медицинская экология. – №1 (26). – 2010. – С. 546-547.

#### Резюме

Момышева.А.С.,Алпысбай.Н.Е.

#### **Частота встречаемости сердечно-сосудистой заболеваний среди работников Актюбинского завода ферросплавов.**

Кафедра патологической физиологии

НАО Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова,

город Актобе, Республика Казахстан

Существует риск того, что влияние производственных вредных факторов приведет к росту сердечно-сосудистый заболеваний в будущем.

#### SUMMARY

Momysheva.A.S., AlpysbayN.E.

### **The frequency of diseases of the cardiovascular system<sup>1</sup> among the workers of the Aktobe ferroalloy plant.**

Department of Patological Physiology

«West Kazakhstan Medical University named after Marat Ospanov»

Aktobe city, The Republic of Kazakhstan.

There is a risk that the influence of harmful factors from production will lead to an increase in diseases of the cardiovascular system in the future.

УДК 616.24-002.5

Шайдуллина А.А., Лекеров Н.А., Айтуарова А.А.

### **ӨКПЕНІҢ СУРФАКТАНТТЫҚ ЖҮЙЕСІ (ӘДЕБИ ШОЛУ)**

Гистология кафедрасы

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., профессор Темирова Г.А.

КеАҚ«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университет»

Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

**Кілттік сөздер:** БАЗ жүйесі, туберкулез, тәжірибелік туберкулез, өкпемикропрепараты, ауа-тамшылы тосқауыл.

**Өзектілігі.** Өкпенің сурфактантты жүйесі – құрамында жасушадан тыс компонент немесе альвеолярлы сурфактант және сурфактант компоненттерінің синтезіне, секрециясына, қайта өңдеу мен реттеуге қатысатын көп компонентті, күрделі ұйымдастырылған жүйе. Сонымен қатар, альвеолярлы сурфактантты заттың айқын жетіспеушілігі альвеолалардың беттік керілуінің күрт жоғарылауына және дем шығару соңында төмендеуіне байланысты жедел тыныс жетіспеушілігі синдромының дамуына себеп болады.

**Зерттеу мақсаты.** Прогрессивті эксперименттік туберкулез жағдайында өкпенің сурфактантты жүйесін зерттеу

**Материалдар және әдістер.** Әдеби шолу өткізу. Өкпенің созылмалы қабынуы дисателектаздар мен ателектаздардың пайда болуымен қатар жүретіні анықталды, олардың себебі желдету мен микроциркуляцияның бұзылуымен қатар сурфактантты жүйенің морфофункционалды өзгерістері болып табылады. Осы мақсатта зерттеудің физика-химиялық, биохимиялық және морфологиялық әдістері қолданылады. Соңғыларының ішіндегі ең ақпараттысы – өкпенің сурфактантты жүйесінің жасушадан тыс және жасушалық компоненттерінің күйін бағалауға мүмкіндік беретін электронды микроскопия әдістері [1].

**Нәтижелері:** Сурфактант препараттары мен олардың алмастырғыштарының әсері өкпенің газ алмасу қызметін қалпына келтіруге және сурфактант тапшылығына байланысты тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуын болдырмауға бағытталған. Сурфактанттың тағы бір қызметі – өкпе макрофагтарына белсендіруші әсер ету, ол үшін макрофагтың рецепторлық аппараты арқылы әсер ете отырып, фагоцитарлық белсенділіктің табиғи стимуляторы ретінде қызмет етеді. Туберкулездің қабынуы